

Хаттама №5

Жетісай ауданының білім бөлімі «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының 2025 жылдың 2 сәуірдегі №5 хаттамасы

Қатысқаны: 9

Қатысапағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиясын құру туралы. Хабарламашы мектеп директоры м.у.а: Аскаров Б.Қ.

ТЫНДАЛДЫ: Аскаров Б.Қ. - мектеп директоры м.у.а сөз алып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «Түркістан облысы бойынша білім беру мекемелерін 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттаудан өткізу» туралы 2025 жылғы 16 қаңтарындағы №10 бұйрығымен бекітілген тізіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өтуде сараптамалық комиссия құрамы құрылып, мектеп қызметіне саралау жүргізілетінін айтты. Өзін-өзі бағалау дегеніміз: талдауды, бақылауды, диагностиканы, жоспарлау, білім беру қызметін жақсартудың механизмін қамтиды деді. Білім беру ұйымдарын бағалау Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту» туралы бұйрығы негізінде жүргізілетінін айтты. Мектепті бағалау тестілеуден басталатынын, онда тестілеу кезіндегі бағалау шкаласы:

«өте жақсы» - 85-100

«жақсы» - 65-84

«қанағаттанарлық» -40-64

«қанағаттанарлықсыз» -дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санын 40 %-дан төмен болғанда екенін айтты.

Мектеп қызметіне сараптама жүргізу 2025 жылдың 8 сәуір мен 30 сәуір аралығында дейінгі кезеңге белгіленеді деді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері өзін-өзі бағалау қорытындыларында жазылып педагогикалық кеңесте ұсынылатынын айта келіп, мектеп директоры м.у.а: Аскаров Б.А.

мектепті өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссия мүшелерімен таныстырып, олардың бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау жүргізу керектігін ескертті.

Шешім етті:

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе педагогикалық кеңес шешім етті:

1. Мектептің өзін - өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:

1. Б.Қ.Аскаров- «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры м.у.а, комиссия төрағасы;
2. Т.К.Шертаева- бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
3. П.С.Баймуратов- кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі
4. З.Б.Базарбаева- мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Д.А.Хожанова- математика мұғалімі, комиссия мүшесі
6. Ф.Э.Онгарова-бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
7. А.С.Турдиева- ағылшын мұғалімі, комиссия мүшесі

2. Мектеп қызметіне сараптама жүргізу мерзімі 30 сәуірге дейінгі кезеңге белгіленсін.

3. Мектептің өзін - өзі бағалау материалдары жинақталып, Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамсыз ету департаментіне белгіленген тәртіпте ұсынылсын.

Кеңес төрағасы:  Б.Аскаров.

Хатшы:  З.Базарбаева

